

МРНТИ 18.41.51

**Акбота Оскенбаева<sup>1</sup>, Жанар Шайкенова<sup>1</sup>**  
*Қазақ ұлттық өнер университеті*  
*Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

## **ВАЛТОРНА АСПАБЫНДА ОРЫНДАУШЫЛЫҚТЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ**

### **Аннотация**

Мақалада үрмелі аспаптардың негізгі даму бағытымен бірге, валторна аспабының қазіргі уақытта қазақ музыкасындағы негізгі орындаушылық жағдайы және репертуар қоры жайында баяндалады. Жалпы үрмелі аспаптың негізін қалаушылардан бастау алған тарихи деректер айтылады, валторна аспабындағы қазіргі уақыттағы репертуар қорын айтып өтеміз. Жалпы түрлі конкурстарға қатысу арқылы және де музыкалық колледжде түрлі шеберлік класстар өтіліп, білім алмасу жүріп отырады. Тек қана аспабымен ғана шектелмейді. Сонымен қатар үрмелі аспаптар арқылы орындаушылықты меңгеру барысы үрмелі басқа елдерінің аспаптырмен байланыс. Валторна аспабының репертуар шығармашылық қорының тізімі өте мол болып келеді.

**Түйінді сөздер:** үрмелі аспап, валторна, музыкалық бағдарлама, аспап, шығарма, репертуар қоры.

**Акбота Оскенбаева<sup>1</sup>, Жанар Шайкенова<sup>1</sup>**  
*<sup>1</sup>Казахский национальный университет искусств*  
*Нур-Султан, Казахстан*

## **СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ИСПОЛНИТЕЛЬСТВА НА ВАЛТОРНЕ**

### **Аннотация**

В данной статье, наряду с основным направлением развития духовых инструментов рассказывается об основных исполнительских состояниях и репертуарном фонде инструмента валторна в казахской музыке в настоящее время. В целом об исторических фактах от основателей духового инструмента и репертуарная программа духового инструмента валторна. В целом, в рамках различных конкурсов, в музыкальных колледжах проводятся мастер-классы, происходит обмен знаниями. Не ограничивается только одним инструментом. Одновременно происходит овладение искусством игры на духовых инструментах связанных с другими странами. Репертуарный фонд валторны весьма обширен.

**Ключевые слова:** духовой инструмент, валторна, музыкальная программа, инструмент, сочинение, репертуарный фонд.

**Akbota Oskenskaeva<sup>1</sup>, Zhanar Shaikenova<sup>1</sup>**  
*<sup>1</sup>Kazakh National University of Arts*  
*Nur-Sultan, Kazakhstan*

## **CURRENT STATE OF FRENCH HORN PERFORMANCE**

### **Abstract**

This article, along with the main direction of development of wind instruments, describes the central performing states and repertoire fund of the French horn instrument in Kazakh music at present. In General, about historical facts from the founders of the wind instrument and the wind instrument French horn's repertoire program. In general, within various competitions, master classes are held in music colleges, knowledge is exchanged. Not limited to just one tool. Simultaneously, the art of playing wind instruments associated with other countries is being mastered. The French horn repertoire is very extensive.

**Keywords:** wind instrument, French horn, musical program, instrument, composition, repertoire fund.

Қазіргі таңда үрмелі аспаптар қатары даму үстінде, симфониялық музыканың дамуымен көптеген тың дүниелер шығарып дамып келеді. Соның ішінде валторна аспабының музыкалық білімдегі ең үздіктердің бірі болып саналды, ал әлемдік

валторнашылар мектебінің өкілдері музыкалық жоғары оқу орындарын бітірген аспапшылар бүкіл әлемдегі оркестрлерде, ансамбльдерде және музыкалық оқу орындарында жұмыс істейді. Валторна аспабының жалпы орыс және шетелдік музыкалық мәдениетінде валторндағы ойын мектебі жарты ғасыр бұрын ерекше және қайталанбас болды, басқа орындаушылық мектептерден аспаптың дыбысталу сұлулығымен және музыкалық орындаудың рухани қанықтығымен ерекшеленді. Диссертациялық негізгі тақырыбымының бірінші тарауына сәйкес мақаламының негізгі мақсаты Қазақстандағы валторна аспабының негізгі бағыты және қазіргі уақыттағы репертуар қорына тоқталып өткім келеді.

Валторналық мектебінің жұмыс істеген уақытында болған валторнистерді кәсіби даярлау әдістемесінде неғұрлым маңызды өзгеріс атқарушылық және педагогикалық практикаға қос хроматикалық валторнаны енгізу және одан кейін «В» (Си-бемоль) аспабының пайдасына «F» (Фа) аспабында валторнадан біртіндеп бас тарту болып табылады. Халықаралық конкурстардағы валторнистердің жеңістері елде қос хроматикалық валторналардың пайда болуымен хронологиялық сәйкес келеді [1].

Валторналық мектебінің осы регрессі отандық валторнистерді оқытуда негізгі құрал ретінде валторнаға ауысумен сәйкес келеді. Бірақ осы уақыт аралығында орын алған және отандық музыкалық орындаушылық жағдайына әсер еткен елеулі әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің жаһандық әлеуметтік процестер аясында валторнистердің орындаушылық қызметінің өзгеруін, оқытуда қолданылатын валторнаның түрі ретінде жасыруға байланысты бұл фактілерді біріктіре білу қиын. Сол кездегі көптеген педагогтар мен орындаушылардың кәсіби назары оқу-әдістемелік құралдар мен концерттік репертуарды жасауға бағытталды. Үрмелі аспаптарда ойнауды оқытудың теориясы мен әдістемесі бойынша алғашқы еңбектер жиі әмбебап болды – оларда кез келген үрмелі аспаптарда оқыту үшін қажетті мәліметтер болды. Бірақ өткен ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап үрмелі аспаптардағы орындаушылық теориясы ортақ жағдайдан жеке адамға қарқынды дами бастады. Көптеген жұмыстардың авторлары нақты үрмелі аспапта ойнау мәселелеріне қатысты проблемаларды терең зерттеуге ұмтыла бастады.

**Қазақстандағы үрмелі аспаптар.** Қазақстандағы үрмелі аспаптар да шығармашылық өнер туындыларын дамыту процесі республикамыздың композиторларының шығармашылығының дамуымен тікелей байланысты. Қ. Қожамиров, Л. Хамиди, А. Жұбанов, Е. Брусилловский, М. Төлебаев, Б. Байқадамов сынды тағы басқа композиторлардың шығармаларында үрмелі аспаптардың алғаш қолдануы басталған.

Валторна аспабаның орындаушылық шеберлігінің дамуын республикамыздың үрмелі аспаптарының қалыптасуының жалпы контекстінде қарастыруға болады. Алайда Қазақстанның үрмелі аспаптар мектебінің негізін қалаушылары: С. Салимов, А. Димонт, Д. Ремизов, М. Жәрдемалиев, А. Федянин, Ю. Клушкин, Т. Нуралы, Х. Жумақенов тағы басқалар деп саналады. Айтып ескертетін мәселелердің бірі – еліміздің шебер үрмелі аспапта ойнайтын музыканттары орындаушылықты ғана емес, сонымен қатар ұстаздық қызметті қатар алып жүріп, шәкіртерді тәрбиелеп, Қазақстанның аспаптар мектебін қалыптастырды.

Қазақ ұлттық Құрманғазы атындағы консерваториясының үздік ұлағатты ұстаздарының бірі, шебер валторнашы, кәсіби деңгейі жоғары, білікті маман Кәрібаев Бекмұхамбет Есіркепұлы өз сөзінде айтып өткендей, «Қазақстанда үрмелі аспаптар мектебі сонау консерватория ашылғаннан бастап қалыптасқан, сол уақыт шамасында көптеген мықты шебер музыканттарды дайындап шығарды. Қазіргі таңда да үрмелі аспаптар мектебінің деңгейі өте жоғарғы биік деңгейде деп көз жұма сенімді айта аламыз. Өйткені, сөзге тиек етіп айта кетсек, көптеген оқушыларымыз мемлекеттік және де халықаралық байқаулардың лауреаты атанып, онымен қоса көптеген шәкірттеріміз әлемнің мықты оркестрлерінде қызмет жасап жүр. Мұның барлығы да Қазақстанда валторна аспабының шет елдерден артта қалмай, бірге дамып, өз ішінде биік бір өнер белестерін алып жатқандығына куәлік етеді. Осы жерде айта кететін болсақ, Қазақстан елінде үрмелі аспаптар шеберлері, білімді ұстаздарымызды да еңбектерінің еш кетпегенін байқаймыз».

Өнерлі балалар мектебін тәмамдап, одан кейін 1970-1975 жылдары Фрунзе, қазіргі Бишкек, қаласындағы Б. Бейшеналиев атындағы Қырғыз мемлекеттік өнер институтын тәмамдады. Осынша жыл ұстаздық тәжірибиесін Б. Е. Кәрібаев 1980 жылы Ош қаласының музыкалық училищесінен бастаған. Одан ары 1987 жылдан бастап А. Абдраев атындағы Республикалық мектебінде, сонымен қатар сол жылдары Қырғыз ұлттық консерваториясында 1993 жылға дейін дәріс берген. 1999 жылы Алматы қаласына ауысып, А.Жұбанов атындағы Республикалық Қазақ мамандандырылған музыка мектебінде валторна сыныбын дәл қазіргі күнге жүргізіп келеді. Ал 2008 жылдан бері Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында ұлағатты ұстаз. Педагогика саласының дамуына қосқан елеулі үлесі үшін Б. Е. Кәрібаев Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі және ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапаттылған.

Валторна тартушыны қалыптастыру үдерісі – бұл музыканттың барша өнерлік еңбек жолында үздіксіз оқу жолы, шыңдалу жолы. Жас валторна тартушыны оқыту барысында үлкен рөл атқаратын методикалық жағынан ғана емес, сонымен қатар оқытушының орындаушылық шеберлігіне де тығыз байланысты. Б. Е. Кәрібаев қырық жылдық тәжірибиесінде ұстаздық жолымен қатар еліміздің белді оркестрлерінде еңбек етіп, Қырғызстан мемлекетінің бірнеше музыкалық мекемелерінде ұстаз және симфониялық оркестр артисі қызметін атқарған болатын. Қазақ ұлттық Жамбыл атындағы филармониясының үрмелі және ұрмалы аспаптар оркестрінде, басқа да симфониялық оркестрлер де отыз жылдан аса қызмет атқарған беделді ұлы ұстаз, өз ісінің шебері. Осынша жылдық оркестрде орындаушылық тәжірибесі де ол кісіге оқушыларын оқыту кезінде көп көмегін береді. Ұстаз оқушыларымен оркестрдің өзіндік қиындықтары мен маңызды сырларымен бөліседі, практика жүзінде көрген өнер қиындықтарымен сыр шертеді. Бұлардың ішіне ұстаз өз шәкірттеріне нотадан бірден оқу, ансамбльмен жұмыс жасау, оркестрдің басқа да музыканттарымен және дирижермен жұмыс тағы басқа маңызды тұстарды негізге ала отырып, білім яғни орындаушылықтың сан қилы тұстарын шәкірт ойына жеткізіп отырады. Айта кетсек бұл нақты орындаушылық міндеттеріне ғана емес, сонымен қатар музыканттың тәжірибесінің психологиялық аспектісін меңгеруге де орындаушылықтың ерекшелігін айқын байқауға көмектеседі.

Б.Е. Кәрібаевтің өз аузынан айтуынша қырық жылдық ұстаздық жолында елуден аса оқушыларды тәрбиелеп шығарған, оларды бала кезден үрмелі аспаптың қыр сырын тануға өз үлесін қосқан. Бұл шебер валторнашыда білім алған шәкірттерінің көбісі Қазақстанның белді, беделді оркестрлерінде қызмет етуде. Әрине ұстазға ең ұмытылмас әсер қалдыратын ол жарқын, мықты, яғни берген білімін ақтап шығатын, шыбық кезінен суарған ағашының ертеңгі күні жеміс беруі сынды деп айта алатын оқушылар. Ұстаздан шәкірт озар демекші, аттарын атай, түстерін түстей кетсек, Сержан Қуанышев, Алиасқар Салихов, Дидар Мейірхан, Әлишер Слейманкүл – олар төртеуі де Абай атындағы опера балет театрында еңбек етеді, ұстазынан алған білімін сол жақта шыңдауда. Дархан Түзелбеков пен Мадияр Белеков – Астана опера театрында ал Санжар Қадырбеков – Мемлекеттік квинтетте еңбек жолында. Ерлан Жакенов, Қалқаман Багдатович Қазақ Ұлттық Өнер Университетінде және Қазақ Мемлекеттік академиялық симфониялық оркестрінде еңбек етеді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік академиялық симфониялық оркестрінде еңбек ететіндер – Ерік Адильбаев, Тимур Кульжанов, Нұрлыбек Спатаев, Сырым Мамутбаев және де Оскенбаева Акбота [2, 33б].

Валторна аспабаның тартушыларды оқыту барысында репертуар да өте өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Валторнашы репертуары дегенмен ол скрипка немесе фортепианодан асып түсе алмайды, бірақ аттап өте алмайтын шекаралары болады. Көне музыкаларға келсек, шыныменде біз басқа аспаптардан скрипка, виолончельден секілді өңделген, яғни ыңғайланған шығармаларды айтамыз. Әрине классикалық музыкада ол жағынан жеңілірек, неге десек валторна репертуары айтарлықтай жеткілікті міндетті бағдарлама қалыптасқан. Мысалға әр валторнашы белгілі Й. Гайдн және В. А. Моцарттың концерттерімен, Л. Ван Бетховеннің сонатасын ойнайды. Романтикалық репертуарына

келсек, Дж. Россини, К. Сен-Санс, К. М. Вебер және тағы басқа композиторлардың шығармаларын атап өтеміз. Ал ХХ ғ. басындағы валторнаға арналған музыканы айтсақ, ол расында Р. Штраустың және Р. Глиэрдың концерттері. Орыс музыкасы және жаңа заманауи музыкаға П.Хиндемиттің, Э.Бозза, В. Буяновскийдің шығармаларын жатқызамыз.

Көзге оттай басылар әр шығарманың өз қиындықтары бар, және әр валторнашы өз мүмкіндігіне қарай шығармаларды орындайды. Жоғарыда аталған шығармалардың бәрі барша халықаралық, республикалық байқауларда міндетті шығармалар қатарында болып табылады. Қазіргі қазақ шығармаларды атасақ, еліміздің жас композиторы Әліби Абдинуровтың арнайы валторна аспабына жазылған пьесаларын ойға алаламыз. Ол шығармалар заманауи, өзіндік бояуларға толы, өз ерекшелігімен өмірге келген өте әдемі, қазіргі таңда көптеген республикалық байқауларда, концерттерде жиі орындалатын шығармалар қатарына да кірді.

Қазақстанның валторна мектебінің дамуына салмақты үлес қосатын студенттердің түрлі орындаушылық байқауларға қатысуы, өздерін таныта білуі, сондай-ақ озық оқу орындарымен ынтымақтастық та болып, соның ішінде бірлестікте ауыз біршілікте болғаны өте маңызды. Белгілі шебер валторнашы Ю. Усовтың өзі айтқандай: «Байқаулар жас музыканттармен ұстаздарды ынталандырып, жалпы деңгейін көтеріп және қолданбалы үрмелі аспаптарын озық жүйелермен алмастыру үшін классикалық, заманауи, кеңестік репертуарды кеңейтіп, кейбір негізгі әдістерді қайта қарастыруға айтарлықтай жігерлендіру болып табылды» [46,1556]. Көптеген әлемдік деңгейдегі музыканттар мастер-класстар өткізіп, студенттік оркестрлеріміз әлемді аралап гастролдік сапармен концерт беруде, және байқаулар да өте көп. Мысалы, студенттік олимпиада, Республикалық байқаулар және «Шабыт» сынды сайыстар өткізіледі.

Бүгінгі күндері басты мәселе – музыкалық мәдениеттің даму кезінде аспаптық орындаушылықты кеңейту және дамыту мәселесі. Бұл барша үрмелі аспаптарға, соның ішінде валторна аспабына да тікелей қатысты. Соның қатарында оқу үрдісін жандандырып, сондай-ақ қазақ композиторларының тарапынан туған шығармашылық мүмкіндіктерін арттыру, қазіргі таңдағы аса ауқымды, белсенді мүмкіндіктерінің бірі болып табылады. Үрмелі аспап музыканттарының орындаушылық өнерінің дамуы олардың репертуарының кеңейуімен тығыз байланысты. Біздің республикамыздың композиторларымен орындаушыларының бірлесіп құрылуы оны одан ары белсенді етеді.

Жалпы мақаламызды қорытындылай келе, ХХ-ХХІ ғасырда валторна аспабына жаңа сұраныстар мен шығармалар жазылып, көптеген тың дүниелер пайда болды. Негізгі бұл аспаптың ерекшелігі жасалынып, көптеген елдердегі музыка мәдениетінде дамушылық әрі салалық бөліктерге бөлініп үрмелі аспаптарды үйрету және дамыту барысы қолға алынды.

Валторна аспабының әдістемелік үйрету бөліміне байналысты дамып, келесі кезектегі негізгі әдістер арқылы үйретілді. Музыкалық шығармамен жұмыс жүргізу барысында ең алдымен талдаудан бастап, соңғы қортындысына дейін жоғары орындаушылық шеберлікпен техникалық еркіндікке жету үшін бірнеше әдістер жиынтығы қолданылады. Бұл әдістер авторлық түпнұсқаны оқу барысында шығарманың көркемдік бейнесін ашумен тығыз байланысты.

Музыкалық шығарманы талдамас бұрын сол шығарманы ұнтаспадан немесе орындаушының нұсқасын тыңдап алынады. Жаңа шығарманы тыңдауды екі жолы бар.

- Оқытушының орындауында тыңдау;
- Әлемдік музыканттардың орындауында тыңдау;

Шығармаларды тыңдау барысында қолымызда нотамыз болуы шарт, студентның шығарманы түсінуінің қалыптасуына байланысты шығарманың талдау бастау алады. Келесі тізбектер бойынша дайындық барысын жүргіземіз. Жалпы түрлі конкурстарға қатысу арқылы және де музыкалық колледжде түрлі шеберлік класстар өтіліп, білім алмасу жүріп отырады. Тек қана аспабымен ғана шектелмейді. Сонымен қатар үрмелі аспаптар арқылы орындаушылықты меңгеру барысы үрмелі басқа елдерінің аспаптырмен байланыс [3]. Валторна аспабының репертуар шығармашылық қорының тізімі өте мол болып келеді.

Күрделі формалы шығармалармен қоса, симфониялық шығармалар, пьеса, ансамбль және оркестрге арналған шығармалар, этюд және жаттығуларды жатқызуға болады.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Музыкальная энциклопедия. — М.: Советская энциклопедия, 1981. В 6-ти тт.— Т. 5. — 1056 с.
2. **Мамбутбаев С.** Симфониялық шығармаларда валторна аспабының рөлі : өнертану магистрі дәрежесін алуға арналған диссертация. Алматы, 2019.
3. **Делий П.Ю.** Формирование исполнительского аппарата валторниста в процессе профессиональной подготовки: дис. канд. пед. наук – М., 2003.

### **References (transliterated)**

1. Muzykal'naâ ènciklopediâ. — М.: Sovetskaâ ènciklopediâ, 1981. V 6-ti tt.— Т. 5. — 1056 p.
2. **Mambutbaev S.** Simfoniâlyқ şygarmalarda valtorna aspabynyn рôli : ònertanu magistrì dârežesin aluğa arналған dissertaciâ. Almaty, 2019.
3. **Delij P.Û.** Formirovanie ispolnitel'skogo apparata valtornista v processe professional'noj podgotovki: dis. kand. ped. nauk – М., 2003.

### **Сведения об авторах:**

**Оскенбаева Акбота Еркінқызы** – магистрант І года обучения Казахского Национального университета искусств. Научный руководитель – Шайкенова Жанар Шалкарбековна – PhD, старший преподаватель, научный руководитель.

### **Автор туралы мәлімет:**

**Оскенбаева Акбота Еркінқызы** – Қазақ Ұлттық Өнер Университеті І курс магистранты. Ғылыми жетекшісі – Шайкенова Жанар Шалкарбековна – PhD, аға оқытушы, ғылыми жетекші.

### **Information about the authors:**

**Oskenbaeva Akbota Erkinkyzy** – 1st year master's student of the Kazakh National University of Arts. Scientific supervisor – Shaikenova Zhanar Shalkarbekovna – PhD, Senior Lecturer, Scientific Supervisor.